| | | | | | даярлау мен біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне бағдарлануға және сәйкестікті растау мен біліктіліктер берудің кешенді жүйесін іске асыру үшін тиісті кәсіптік стандарттар болған кезде талаптарды ескеруге тиіс.<br>Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту жөніндегі құзыретті ғана беріп, білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыретінен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекітуді алып тастау ұсынылады. | |
| 34. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті | Жоқ | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>««__. «Білім туралы» | **Депутат Д.Н. Назарбаева**<br><br>Онлайн-оқудың әлемдік тәжірибесін зерделеу | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Заңның 5-бабының 1-бөлігі) | орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>8) заңды тұлғаларға мыналарды:<br>бастауыш білім;<br>негізгі орта білім;<br>жалпы орта білім;<br>біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім;<br>біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім;<br>**кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары білім;**<br>**кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім;** | | 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>5-баптың бірінші бөлігі 8) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтары «**бағыттары**» деген сөзден кейін «**және оқу нысаны**» деген сөздермен толықтырылсын;<br><br>*(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | әлемнің жетекші университеттері дәстүрлі оқу нысанымен қатар онлайн-оқу форматында білім беру бағдарламаларын белсенді түрде іске асыратынын көрсетеді. Қазақстанда дәстүрлі және қашықтықтан оқу қолданылады. Бұл ретте жоғары оқу орындарының оқу процесінде қашықтықтан оқыту 50%-дан аспайды. Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары жағдайында қашықтықтан оқуды қолдану ерекше жағдай болып табылады. Қазақстандық жоғары оқу орындары арасында кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ететін онлайн оқуды кеңінен қолдану практикасы жоқ. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің онлайн-ұйымының толыққанды жұмыс істеуі үшін цифрлық инфрақұрылымның, кадр құрамының (тьюторлардың, коучтердің, менторлардың), | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | діни білім беру үшін білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны береді; | | | оқу процесінің тиімділігін бағалау жүйесінің және т. б. болуы қажет. | |
| 35. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 5-бабының 1-бөлігі) | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>14-3) экстернат нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесін бекітеді; | **жоқ;** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>««__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>5-баптың бірінші бөлігінің 14-3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«14-3) экстернат нысанында оқытуға **және онлайн-оқытуға** жол берілмейтін жоғары **және жоғары оқу орнынан кейінгі** білімі бар кадрлар даярлау бағыттарының тізбесін бекітеді;»;<br><br>*(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі* | **Депутат Д.Н. Назарбаева**<br><br>Бұл жаңалықтар қазіргі заманғы онлайн-білім беруді енгізуді, жоғары оқу орындарында цифрлық экожүйе құруды жеделдетеді, сондай-ақ адами капиталдың дамуына ықпал етеді. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *тиісінше өзгертілсін)* | | |
| 36. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 5-бабының 1-бөлігі) | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>**19-5)** жоқ**;** | **жоқ;** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>««__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>**5-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы жаңа 19-5) тармақшамен толықтырылсын:**<br>**«19-5) мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;**»;<br><br>*(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | **Депутат**<br>**Д.Н. Назарбаева**<br><br>Заңды оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау нормасымен толықтыруды ұсынамыз.<br>Қолданыстағы қамтамасыз ету жүйесі оқулықтарды таңдау кезінде мектеп педагогтерінің мүдделерін ескермейді. Көп жағдайда оқулықтарды таңдауды іс жүзінде жергілікті атқарушы органдар – білім басқармалары мен бөлімдері жүзеге асырады. Мұндай жағдай ірі баспалар тарапынан айтарлықтай бизнес-мүдделерге байланысты елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады. Осылайша, мектептегі балама оқулықтардың бөлінуі педагогтер мен әдіскерлер тарапынан оларға деген шынайы сұранысты көрсетпейді. Бұл мән-жай оқу әдебиетін | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әзірлеушілер арасындағы тең бәсекелестікке теріс әсер етеді және практиктердің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнын жақсарту бойынша нақты қажеттіліктері мен тілектерін анықтауға кедергі келтіреді. Практик-педагогтердің пікірін ескере отырып, оқулықтарды таңдау процесін регламенттеу осы проблеманы шешуге заңнамалық негіз жасайды. | |
| 37. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 5-бабы 1-бөлігінің 23-1) және 23-2) тармақшалары) | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>...<br>23-1) бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін әрбір пән бойынша бірыңғай базалық | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __) тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«5-баптың бірінші бөлігінде:<br>«23-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:<br>«23-1) **орта білім беру ұйымдары үшін жекелеген пәндер** | **Депутат Д.Н. Назарбаева**<br><br>Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған балама оқулықтар бойынша оқыту мүмкіндігі мақсатында және «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 7-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оқулықты айқындайды және бекітеді;<br>**23-2) негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін пәндер бойынша бірыңғай базалық оқулықты айқындайды және бекітеді;**<br>**23-3) жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін пәндер бойынша бірыңғай базалық оқулықты айқындайды және бекітеді;** | | **бойынша базалық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді** айқындайды және бекітеді;»;<br><br>**23-2) және 23-3) тармақша алып тасталсын;**<br><br>*(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | | |
| 38. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 5-бабы 1- | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді | Жоқ | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан | **Депутат Д.Н. Назарбаева**<br><br>Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің онлайн - ұйымдарына | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бөлігінің 25) тармақшасы) | орындайды:<br>...<br>25) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асырады және оны жүргізуді үйлестіреді, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар мен қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді; | | Республикасының Заңына:<br>«5-баптың бірінші бөлігінің 25) тармақшасы «**қашықтан оқыту бойынша**» деген сөздерден кейін «**және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанындағы**» деген сөздермен толықтырылсын;<br><br>*(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | қойылатын талаптарды айқындау жөніндегі уәкілетті органның құзыретін белгілеу мақсатында. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 39. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 5-бабы 1-бөлігінің 29-1) тармақшасы) | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>**29-1) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін қалыптастырады және бекітеді;**<br>**...**<br>**29-3) жоқ;**<br>**29-4) жоқ;**<br>**29-5) жоқ;** | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«__) 5-баптың бірінші бөлігінің 29-1) тармақшасы **«тізбесін»** деген сөзден кейін **«және оларды іріктеу өлшемшарттарын»** деген сөздермен толықтырылсын;<br>**мынадай мазмұндағы 29-3), 29-4) және 29-5) тармақшалармен толықтырылсын:**<br>**«29-3) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске** | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті**<br><br>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы шеңберінде іске асырылып отыр.<br>Бүгінгі күні білім беру саласындағы уәкілетті органға жалпы білім беретін пәндер бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін қалыптастыру және бекіту құзыреті берілген . Сонымен бірге, мемлекеттік орган осы тізбені қалыптастыру және бекіту кезінде өзі дербес | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастырады және бекітеді;**<br>**29-4) жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін қалыптастырады** | айқындаған өлшемшарттарды негізге алды, яғни жариялылық, ашықтық, объективтілік болмады. Көрсетілген мән-жайлар білім беру саласындағы уәкілетті органның аталған олимпиадалар мен конкурстарды іріктеу жөніндегі өлшемшарттарды оларды көрсетілген тізбеге енгізу үшін бекітуін талап ететіндігін растап отыр.<br><br>2020-2021 оқу жылында қазақстандық 26 оқушы жеті беделді халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды. 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ел Президенті осындай дарынды балаларды, сондай-ақ олардың педагогтерін жан-жақты қолдау міндетін қойды. Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін, сондай-ақ | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **және бекітеді;**<br>**29-5) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы төлеу қағидаларын бекітеді, сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы мөлшерін бекітеді;»;**<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | олардың педагогтерін көтермелеу оқушылар мен педагогтерді халықаралық деңгейде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыру тетігі болып табылады, бұл жалпы алғанда елдің білімі мен адами капиталының дамуына оң әсер етеді. Тиісінше, мұндай ынталандыру тетігі тиісті нормативтік құқықтық актілермен реттелуі және жүйеленуі тиіс, сондай-ақ нақты олимпиадаларды айқындау, яғни жеке тізімді бекіту керек. | |
| 40. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 5- | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 | **Депутат Д.Б. Зәкиева**<br><br>Республикадағы педагог-психологтар қызметінің бірыңғай қағидаларын | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бабының 1-бөлігі) | өкілеттіктерді орындайды:<br><br>**46-25) жоқ;** | | шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«5-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 46-25) тармақшамен толықтырылсын:<br>**«46-25) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;**<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | әзірлеу мақсатында осы құзыретті жергілікті атқарушы органдардың құзыретінен алып тастап, білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға бекіту қажет. | |
| 41. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 5-бабының 1-бөлігі) | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br><br>**46-26) жоқ;** | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«5-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 46-26) тармақшамен толықтырылсын: | **Депутаттар**<br>**Д.Б. Зәкиева**<br>**Е.С. Бейсенбаев**<br>**Қ.Ж. Иса**<br><br>Балаларды физикалық және психологиялық агрессияның, зорлық-зомбылықтың және жәбірлеудің барлық ықтимал көріністерінен қорғау мақсатында. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «46-26) **<u>тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша</u> баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын әзірлейді және бекітеді**»;<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | | |
| 42. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(5-баптың екінші бөлігі) | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>....<br>Білім беру саласындағы уәкілетті органның тармақшаларда көзделген өкілеттіктері 4), 4-1), 6), 8-1), 8-3), 11), 11-1), 11-3), 11-4), 13), 14), 14-1), 14-2), 16), 19), 25), **27),** 34), 38), 38-1), 38-2), 43-2), 43-4), 44-3), 44-5), 46-11), 46-17), 46-18), 46-19) және 46-20) Қазақстан | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«5-баптың екінші бөлігінде:<br>«**27),**» деген цифрлардан кейін «**29-3),**» деген цифрлармен толықтырылсын;<br><br>(*Тармақтардың кейіннен* | **Депутаттар Ж.Н. Нұрманбетова Д.Қ. Мыңбай**<br><br>Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін.<br>Бүгінгі күні әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға түсуге үміткерлердің саны бөлінген мемлекеттік тапсырыс санынан асып түседі, бұл әлімпиадтардың, | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы әскери, арнаулы оқу орындары мен сот төрелігі академиясына (бұдан әрі – сот төрелігі Академиясы) қолданылмайды. | | *нөмірленуі тиісінше өзгертілсін*) | конкурстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін аталған оқу орындарына тікелей қабылдауға мүмкіндік бермейді.<br>Аталған жоғары оқу орындары тар бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша оқытады және үміткерлердің түсу талаптарын дербес айқындайды. Осылайша, қабылдау аталған мекемелерге қолданылмайды. | |
| 43. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 6-бабы 2-тармағының 24-6) тармақшасы) | 6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті<br><br>2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:<br>...<br>**24-6) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс** | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>6-бапта:<br>**2-тармақтың 24-6) тармақшасы алып тасталсын;**<br>**3-тармақтың 24-1) тармақшасы алып** | **Депутат Д.Б. Зәкиева**<br><br>Республикадағы педагог-психологтар қызметінің бірыңғай қағидаларын әзірлеу мақсатында осы құзыретті жергілікті өкілді органдардың құзыретінен алып тастап, білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға бекіту қажет. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **істеу қағидаларын әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;**<br>**3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы:**<br>**…**<br>**24-1) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;** | | **тасталсын;»;**<br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | | |
| 44. | 1-баптың __-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 7-бабы) | 7-бап. Білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету<br>...<br>**3. жоқ**<br>**4. жоқ** | Жоқ | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>**«__ 7-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен** | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті**<br><br>Қазақстан Республикасы Президентінің қарарын орындау үшін (2021 жылғы 30 шілдедегі № 21-3446).<br>Ішкі және сыртқы бизнес-процестерді автоматтандыру және ақпараттандыру объектілерінде деректерді | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **толықтырылсын:** **«3. «Ұлттық білім беру дерекқоры» ақпараттық жүйесі білім беру саласындағы әкімшілік және өзге де деректерді жинауға, өңдеуге және талдауға, сондай-ақ басқа ақпараттандыру объектілерімен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етуге арналған.** **4. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріндегі дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;».** (Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше | өңдеу педагог қоғамдастыққа жүктемені азайтуға және білім беруді тиімді басқару мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мәселен, егер 2012 жылы білім беру субъектілері әкімшілік деректердің 467 нысанын толтырса, 2020 жылы - 132 нысанды толтырды, бұл 335 нысанға аз. Ақпараттық жүйелерді басқа мемлекеттік органдармен интеграциялау оқушылар бойынша сұратылатын құжаттар санын азайтуға мүмкіндік береді, бұл педагогтер мен ата-аналарға жүктемені азайтады. Сабақтастық пен дұрыстықты сақтау, білім беру процесіне барлық қатысушылардың жеке деректерін қорғау, білім беру ұйымдарының ақпараттық қауіпсіздігі, сондай - ақ нормативтік-әдістемелік негіздерді сақтау және деректердің халықаралық ұйымдардың деректерімен | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өзгертілсін) | салыстырылуы үшін ақпараттық жүйенің мақсатын анықтау қажет. Сондай-ақ, ақпараттандыру объектілеріндегі азаматтардың дербес деректерін қорғау бойынша норма ұсынылады. | |
| 45. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 14-бабының 1-тармағы) | 14-бап. Білім беру бағдарламалары<br>...<br>Жұмыстық оқу бағдарламалары тиісті үлгілік оқу жоспарларының және (немесе) үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде әзірленеді.<br>**Жоқ**<br>Жалпы білім беретін пәндер циклінің жұмыс оқу бағдарламаларын қоспағанда, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары негізінде жоғары және | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«__) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа төртінші бөлікпен толықтырылсын:<br>«**Жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын жалпы білім беру пәндері циклінің немесе модулінің білім беру бағдарламалары мен үлгілік оқу бағдарламалары** | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті**<br><br>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1.09.2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында білім беру жүйесінің алдына кадрлар даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларын жаңа болмысқа бейімдеу міндеті қойылды.<br>Кадрлар даярлауда икемділікті қамтамасыз ету үшін үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білім беру бағдарламаларына ауыстыра отырып, оқу | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары әзірлейді. | | **негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар әзірлейді.**»;<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | орындарына техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен кәсіптік стандарттар негізінде жұмыс берушілермен бірлесіп, олардың мазмұнын дербес айқындауға мүмкіндік беру арқылы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі мазмұндық тәсілдерге өзгерістер енгізіледі. | |
| 46. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 26-бабының 3-тармағы) | 26-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар<br>...<br>3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«__) 26-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа екінші бөлікпен толықтырылсын:<br>«**Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе** | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті**<br><br>Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылғы 9 тамыздағы № 21-3492 тапсырмасына сәйкес<br>Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қабылдау конкурстық негізде азаматтардың өтініші бойынша жүзеге асырылады. Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.<br>жоқ | | **бойынша, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері өздері таңдаған мамандығы олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, өздерінің өтініштері негізінде жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру грантын беріле отырып қабылданады.**»;»; | халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы маңызды екенін атап өтті. Президент дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету міндетін қойды. Мемлекет басшысының тапсырмаларын Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына сәйкес іске асыру дарынды балаларға (жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық пәндік олимпиадалардың, шығармашылық конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне) конкурсқа қатыспай жоғары оқу орындарына түсу үшін гранттар беру арқылы жүргізіледі.<br>Бүгінгі күні жастардың шетелдік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға кетуі орын алып отыр, өйткені қазақстандық білім беру ұйымына түсуге деген сенім жоқ. Талантты жастарды беделді шетелдік | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | білім беру ұйымдары оқуға түскенге дейін алдын ала жиі шақырады, өйткені олардың талаптары бұған тыйым салмайды.<br>2020-2021 оқу жылында қазақстандық 26 оқушы жеті беделді халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.<br>Қазақстан Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығының табалдырығында тұрғанын ескере отырып, жоғары білім беру ұйымдарына қабылдауды, бірінші кезекте барлық уақытын көзделген оқу бағдарламаларына тоқтамай, жаңа білімді, машықтар мен дағдыларды игеруге арнаған дарынды балалар үшін жаңғырту және олар үшін қазақстандық жоғары білім беру ұйымдарына қабылдаудың басқа да шарттарын көздеу талап етіледі. | |
| 47. | 1-баптың _-тармағы | 26-бап. Білім алушылар мен | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __- | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | (жаңа)<br><br>(осы Заңның 26-бабы 5-тармағының 3) тармақшасы) | тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар<br>...<br>5. Білім беру гранттарын алуға, сондай-ақ жоғары білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауға конкурс өткізу кезінде баллдары тең болған жағдайда, келесі кезектілікпен:<br>...<br>3) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) | | тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«__) 26-баптың 5-тармағының 3) тармақшасындағы **«тізбесін»** деген сөз **«осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде аталған адамдарды қоспағанда, тізбесін»** деген сөздермен ауыстырылсын;<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.<br>Бұл норма халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) жеңімпаздарын барынша қамту мақсатында, сондай-ақ дарынды жастарды қолдау және олардың кетуін азайту мақсатында қажет. Оқу жылы бір жылдың қыркүйегінде басталып, келесі жылдың мамыр айында аяқталады, яғни әртүрлі күнтізбелік кезеңдерге жататын айлардан тұратын уақыт кезеңі. Тиісінше жазғы каникул уақытында жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына (ғылыми жарыстарға) қатысқан мектеп түлектері қорытынды бағаларды сертификаттар балына ауыстыру негізінде білім беру саласындағы уәкілетті | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтары олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары (бірінші, екінші және үшінші | | | орган берген ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелері туралы сертификат алу құқығынан айырылады.<br>Заңға тәуелді деңгейде бұл норманы іске асыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген Жоғары білімге ақы төлеу үшін білім грантын беру қағидаларына өзгерістер енгізу арқылы болады. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздарының; | | | | |
| 48. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 27-бабы) | 27-бап. Білім алу нысандары<br>Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, **сырттай оқыту және экстернат** нысанында жүзеге асырылады. | **Жоқ;** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>27-баптағы «**сырттай оқыту және экстернат**» деген сөздер «**сырттай оқыту, онлайн-оқыту және экстернат**» деген сөздермен ауыстырылсын;<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | **Депутат Д.Н. Назарбаева**<br><br>Білім беру ұйымының дербес түрі ретінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің онлайн - ұйымының енгізілуіне байланысты. | **Қабылданды** |
| 49. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 5- | 35-бап. Жоғары білім беру<br>...<br>2. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 | **Депутат Д.Н. Назарбаева**<br><br>Білім беру ұйымының дербес түрі ретінде жоғары және (немесе) жоғары оқу | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бабының 1-бөлігі) | жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асырылады.<br>Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі оқу және (немесе) экстернат нысандарында жүзеге асырылады.<br>Ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы, зерттеу университеті, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының негізгі түрлері болып табылады. | | шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«35-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:<br>«Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі **оқыту және (немесе) онлай-оқыту** және (немесе) экстернат нысандарында жүзеге асырылады.»;<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | орнынан кейінгі білім берудің онлайн - ұйымының енгізілуіне байланысты. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында тиісті лицензия және материалдық-техникалық база болған кезде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білімнің білім беру бағдарламалары, сондай-ақ мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іске асырылуы мүмкін. | | | | |
| 50. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br><br>(осы Заңның 36-бабы 1- | 36-бап. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру<br><br>1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімді жоғары білімі бар азаматтар алады. | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының | **Депутат Д.Н. Назарбаева**<br><br>Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің онлайн - оқудың енгізілуіне байланысты. | **Қабылданды**<br><br><br><br>. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармағы) | Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту **күндізгі оқу нысанында** жүзеге асырылады. | | Заңына:<br>«36-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «**күндізгі оқу нысанында**» деген сөздер «**күндізгі оқыту және (немесе) онлайн-оқыту нысандарында**» деген сөздермен ауыстырылсын;<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | | |
| 51. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 37-бабының 4-тармағы) | 37-бап. Қосымша білім беру<br>...<br>4. Білім беру ұйымдары басшы **кадрларының,** педагогтерінің және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бес жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады. | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«__) 37-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«4. Білім беру ұйымдары басшы **кадрларының,** педагогтерінің біліктілігін арттыру **үш** | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті**<br><br>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын орындау шеңберінде іске асырылып отыр. Бүгінгі күні «Білім туралы» заңға сәйкес білім беру ұйымдарында кадрлар даярлаудың жалпы деңгейін дамыту, үздіксіз оқыту жағдайларын жасау үшін педагогтер өздерінің кәсіби деңгейін жүйелі түрде арттыруға және 5 | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **жылда бір реттен сиретпей** және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бес жылда бір реттен сиретпей жүзеге асырылады.»;<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | жылда кемінде бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өтуге міндетті.<br>Алайда, білім беру саласының қарқынды дамуы және онда болып жатқан өзгерістер қазіргі заманғы мұғалімнен уақытпен бірге жүруді, әртүрлі технологиялармен, әдістемелермен жұмыс істеуді, жаңа дағдылар игеруді және өз біліктілігін дамытуды талап етеді. Осыған байланысты педагогтердің бұрын бекітілгендей емес, 5 жылда бірнеше рет курстан өту қажеттілігі пісіп-жетілді.<br>Бұдан басқа, бүгінгі таңда курстармен қамту педагогтердің жалпы санының 20%-ын құрайды. Жыл сайын педагогтер саны артып келеді. Мысалы, соңғы 5 жылда педагогтер саны 27,9 мың адамға өсті.<br>демографиялық өсімге, «Педагог мәртебесі туралы» Заңды қабылдау шеңберінде педагог кәсібінің беделінің артуына | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | байланысты 2016 жылдан бастап білім беру ұйымдарына жас мамандардың келуі 36%-ға артты. Педагогтердің біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмысты күшейту, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру көмегімен жас педагогтерді кәсібінде ұстап қалу қажеттілігіне байланысты белгіленген проблемалар ЭЫДҰ мұғалімдерінің TALIS-2018 халықаралық зерттеуінің деректерімен расталады. Осы зерттеу шеңберінде жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша Қазақстан педагогтары біліктілікті арттыру курстарын жалақыдан кейін білім беруді қаржыландырудың екінші басым саласы деп санайды. | |
| 52. | 1-баптың _-тармағы (жаңа) | 40-бап. Білім беру ұйымдары<br>...<br><br>2. Білім беру | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» | **Депутаттар Ж.Н. Нұрманбетова Д.Қ. Мыңбай**<br><br>Мемлекет басшысы | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | (40-баптың 2 тармағының 1) тармақшасы) | ұйымдарында білім беру қызметімен айналысу құқығы:<br><br>1) лицензиялауды талап ететін білім беру қызметінің кіші түрлері үшін – егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, лицензия алған сәттен бастап және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лицензиядан айыру немесе оны жарамсыз деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енген сәттен бастап; | | 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«__) 40-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1) лицензиялауды талап ететін білім беру қызметінің кіші түрлері үшін – **егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алған кезден бастап туындайды және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айыру немесе оларды жарамсыз деп тану туралы сот шешімі не білім беру** | Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында жоғары білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету міндеті қойылды.<br>Көрсетілген міндет жоғары оқу орындарын лицензиядан айыру жөніндегі уәкілетті органның құзыретін кеңейту жолымен іске асырылуға жатады.<br>ӘҚБК-нің 464-бабына сәйкес ҚР заңнамасында белгіленген лицензиялау нормаларын, біліктілік талаптарын бұзылуына байланысты ӘҚБК-нің 730-бабына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган лицензиядан айыру туралы шешім қабылдай алады.<br>Осылайша, білім беру саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдары үшін, атап айтқанда: | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **саласындағы уәкілетті органның лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айыру туралы шешімі заңды күшіне енген кезден бастап тоқтатылады**;»;<br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | - ӘҚБК-нің 409-бабының 7-бөлігі бойынша лицензиядан айыру туралы шешімді сот қабылдайды;<br>- ӘҚБК-нің 464-бабының 2-бөлігі бойынша лицензиядан айыру туралы шешімді білім беру саласындағы уәкілетті орган қабылдайды.<br>«Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ талаптарына сәйкес иерархияда төмен тұрған НҚА жоғары тұрған НҚА-ға сәйкес келуі тиіс.<br>Осыған байланысты, «Білім туралы» ҚРЗ нормаларын ӘҚБК нормаларына сәйкес келтіру ұсынылады. | |
| 53. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 42-бабының 2-тармағы) | 42-бап. Білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату<br>**...**<br>2. Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айырылған немесе білім беру ұйымы таратылған жағдайда | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«__) 42-бапта:<br>2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші | **Депутаттар Ж.Н. Нұрманбетова Д.Қ. Мыңбай**<br><br>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында жоғары білім | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оның құрылтайшысы (құрылтайшылары) білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстыруға шаралар қабылдайды.<br><br>Жоқ;<br>3. Жоқ | | бөлікпен толықтырылсын:<br>«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы қолданылмайды.»;<br>мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:<br>«**3.** Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы білім беру қызметімен айналысуға **лицензиясынан және (немесе) лицензияға қосымшасынан айырылған (кері қайтарып алынған), қолданысы тоқтатылған немесе ол таратылған жағдайларда,** оның құрылтайшысы (құрылтайшылары) **лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айыру (кері қайтарып алу),** | беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету міндеті қойылды.<br>Көрсетілген міндет ЖЖБҰ лицензиясынан айыру жөніндегі уәкілетті органның құзыретін кеңейту және жоғары оқы орны жабылған жағдайда білім алушыларды ауыстыру жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін құрылтайшылардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу жолымен іске асырылуы тиіс. (ЖҰЖ 48-т.).<br>Мәселен, Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында, егер уәкілетті орган лицензиядан айыру (қайтарып алу), оны тоқтата тұру не тоқтату туралы шешім қабылдайтын болса, заңды тұлғаның құрылтайшысына білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстыру жөнінде міндет жүктеу талап етіледі. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қолданысын тоқтату туралы шешім қабылданған кезден бастап екі ай ішінде:**<br>**1) білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ауыстыруды және олардың жеке істерін беруді;**<br>**2) білім алуын аяқтамаған немесе қорытынды аттестаттаудан өтпеген адамдардың жеке істерін, сондай-ақ алдыңғы жылдары білім беру ұйымында оқуын аяқтаған адамдардың жеке істерін және білім туралы құжаттарының көшірмелерін тиісті мемлекеттік архивке беруді қамтамасыз етеді.»;**<br><br>Қолданысқа енгізілген | Бүгінгі күнгі жағдай бойынша 15 жоғары оқу орны жабылды, 500 лицензия қайтарып алынды. Алайда, олардың студенттері әлі күнге дейін құжаттарын ала алмай жүр.<br>Жоғары оқу орындарының басшылығы байланысқа шықпайды, ғимараттардың есіктері жабық.<br>Білім және ғылым министрлігінде студенттердің құқықтарын қорғау тетігі жоқ.<br>Бұдан басқа, ҚР Азаматтық кодексінде және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңында тарату рәсімдері нақты регламенттелген.<br>Осыған байланысты, «Білім туралы» ҚР Заңында жоғары оқу орны таратылған кездегі білім беру ұйымы мен оның құрылтайшыларының жауапкершілігін нақты белгілеу қажет.<br>Тарату комиссиясының студенттерді ауыстыру | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң күшіне енеді.<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | және профессор-оқытушылар құрамын жұмысқа орналастыру жөнінде қабылданған шаралар туралы есеп беру жөніндегі талабын белгілеу де орынды. | |
| 54. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 43-бабының 3-тармағы) | 43-бап. Білім беру ұйымдарының құзыреті<br>...<br>3. Білім беру ұйымдарының құзыретіне мынадай функциялар:<br>...<br>2-5) жоқ | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>«__) 43-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 2-5) тармақшамен толықтырылсын:<br>«**2-5) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту.**»; | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті**<br><br>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1.09.2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында білім беру жүйесінің алдына кадрлар даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларын жаңа болмысқа бейімдеу міндеті қойылды.<br>Кадрлар даярлауда икемділікті қамтамасыз ету үшін үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білім беру бағдарламаларына ауыстыра отырып, оқу орындарына техникалық | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен кәсіптік стандарттар негізінде жұмыс берушілермен бірлесіп, олардың мазмұнын дербес айқындауға мүмкіндік беру арқылы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі мазмұндық тәсілдерге өзгерістер енгізіледі. | |
| 55. | 1-баптың _-тармағы (жаңа)<br><br>(осы Заңның 57-бабы 2-тармағы) | **57-бап. Білім беру саласындағы қызметті лицензиялау**<br>**...**<br>2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру саласындағы қызметін лицензиялау – біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың | **Жоқ** | 1-бап мынадай мазмұндағы жаңа __-тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>57-баптың 2-тармағында:<br>үшінші бөлік «**бағыттары**» деген сөзден кейін «**және оқыту нысандары**» деген сөздермен толықтырылсын;<br>төртінші бөлік «**бағыттары**» деген | **Депутат Д.Н. Назарбаева**<br><br>Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің онлайн - оқудың енгізілуіне байланысты. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | топтары бойынша жүргізіледі.<br>Бұл ретте білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға қосымшада техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына сәйкес біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша шифр, атауы, оқыту мерзімі көрсетіледі.<br>Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру саласындағы қызметін лицензиялау кадрлар даярлаудың бағыттары бойынша жүргізіледі. | | сөзден кейін «**және оқыту нысандары**» деген сөздермен толықтырылсын;<br><br>(Тармақтардың кейіннен нөмірленуі тиісінше өзгертілсін) | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бұл ретте білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға қосымшада кадрларды даярлау **бағыттары** бойынша сыныптауышқа сәйкес кадрларды даярлау бағытының коды және атауы көрсетіледі. | | | | |
